

Отырар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 шілдедегі № 3/19-VI шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Қазақстан Республикасы заңының 7 бабына сәйкес Отырар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес Отырар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Нұрқұлов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

М.Манапов

Отырар аудандық мәслихатының
2016 жылғы 11 шілдедегі
№ 3/19-VI шешіміне қосымша

Отырар аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің ТІЗБЕСІ

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы;" 2013 жылғы 16 тамыздағы № 17/103-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2378 болып тіркелген, "Отырар алқабы" газетінің 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 77-78 санында жарияланған);

2. "Отырар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 тамыздағы № 17/103-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы " шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 21 ақпандағы № 23/138-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2587 болып тіркелген, "Отырар алқабы" газетінің 2014 жылғы 04 сәуірдегі № 18 санында жарияланған);

3. "Отырар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 тамыздағы № 17/103-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы " шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 33/189-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2973 болып тіркелген, "Отырар алқабы" газетінің 2015 жылғы 12 ақпандағы № 6 санында

жарияланған);

4. "Отырар аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы;" Отырар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 24/145-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2645 болып тіркелген, "Отырар алқабы" газетінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 23-24 санында жарияланған);

5."Отырар аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы;" Отырар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 35/204-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3122 болып тіркелген, "Отырар алқабы" газетінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 16 санында жарияланған);